

Ақмола қаласына көшетін мемлекеттік қызметшілерді материалдық ынталандыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 3 желтоқсан N 1471.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.01.09. N 19 қаулысымен. ~P010019

Ақмола қаласына көшетін мемлекеттік қызметшілерді материалдық ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ақмола қаласына жұмысы бойынша ауысу тәртібімен көшетін мемлекеттік қызметшілерге өтемақы төленіп, мынадай кепілдіктер беріледі:

қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің:

темір жолмен - плацкарт (купелік) вагонда;

әуе көлігімен - жай класс тарифі бойынша;

тас жолмен немесе қара жолмен - жалпы қолданыстағы автомобиль көлігіне (таксиден басқа) жолақысы төленеді;

қызметкердің өзіне 500 килограмға дейін және отбасының әрбір көшетін мүшесі үшін 150 килограмға дейін мөлшердегі темір жол және автомобиль көлігімен (жалпы қолданыстағы) мүлкін алып жүру жөніндегі шығыстары төленеді. Тараптардың келісуі бойынша мүлкін бұдан көп мөлшерде алып жүру жөніндегі нақтылы шығыстар төленуі мүмкін;

қызметкерге жол жүрген әрбір күніне көшу кезінде қолданылып жүрген заңдарда белгіленген мөлшерде тәуліктік ақы төленеді;

қызметкердің өзіне - біліктілік сыныбы үшін қосымша ақы мен еңбек сіңірген жылдары үшін үстемақыны қоса алғанда, 6 лауазымдық айлық жалақыға тең мөлшерде;

қызметкердің өзіне - көшетін отбасы мүшелерін қоса алғанда, біліктілік сыныбы үшін қосымша ақы мен еңбек сіңірген жылдары үшін үстемақыны есепке ала отырып, 6 айлық лауазымдық жалақысына тең мөлшерде. <*>

Жоғарыда аталған жеңілдіктер отбасы мүшелеріне, егер олар

мемлекеттік қызметші көшкен күннен бастап бір жылдың ішінде Ақмола қаласына көшсе беріледі. Егер көшіп барған қызметкерге тұрғын үй берілмесе, онда бір жылдық мерзім оған тұрғын үй берілген күннен бастап есептеледі.

Қызметкердің өтемақы төленетін отбасы мүшелеріне ері, зайыбы,

сондай-ақ оның қамқорлығындағы және онымен бірге тұратын балалары мен жұбайлардың екеуінің де ата-аналары жатады.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 9-абзацы жаңа редакцияда, 10-абзацы алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.11.07. N 1531 қаулысымен.

P971531_

2. Көшіп барған мемлекеттік қызметшінің отбасы мүшелеріне мынадай әлеуметтік кепілдіктер берілсін:

жұмысқа орналастыру;

мектепке дейінгі жастағы балаларға мемлекеттік мектепке дейінгі балалар мекемелерінен орын беру.

3. Мемлекеттік қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін жайғастыру кезеңінде азық-түлікпен және ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырыс-столдарын ұйымдастыру көзделсін.

4. Мемлекеттік қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін көшіру

жөніндегі шығындардың орнын толтыру республикалық бюджетте орталық мемлекеттік органдарға көзделген жалпы сметалық қаржы есебінен жүргізілсін.

<*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1997.11.07. N 1531 қаулысымен.

5. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК